

# «Наурыз» мерекесі он күн бойы тойланады

**Биылғы той  
бұрынғыдан өзгерек.  
Ұлыстың ұлы күні –  
«Наурыз» мерекесі  
көң көлемде атап  
өтілмек. Он күндік  
бағдарлама аясында  
мәнді – мағыналы  
түрлі шаралар  
қарастырылған.**

Жыл басы – Наурыз мейрамы жаңаша тоиланатын болады. Яғни, Наурыз айның 14 мен 23 - жүлдізы аралығында түрлі бағытта мерекелік шаралар өтеді. Оndaғы мақсат он күндік бағдарлама аясында төл мерекеміздің мән – маңызын жете түсіндіріп, кеңінен насиҳаттау. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, ұмыт бола бастаған салт – дәстүрімізді жаңғыру.

Сонымен, 14 – наурыз – «Көрісу күні – Амал мерекесі». Бұл күні ата – бабамыздың айтулы күнді қалай қарсы алғаны көрсетіліп, елге еңбегі сіңген аға буын өкілдері халықта құттықтауларын арнайды.

15 наурыз – «Қайырымдышылғық» күні. Яғни, осы күні қала әкімі бастап, мекеме мен кәсіпорын басшылары жалғызбасты қарттарға, дағдарыс орталықтарына, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелерге, көп балалы отбасыларға барып, мерекемен құттықтап, сыйлықтарын табыстайды.

16 наурыз – «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні» – ұлттық салт-дәстүрді дәріптеуге бағытталған іс-шаралар үй-ымдастырылып, халықтық қолөнер жәрмеңкелерін, ұлттық тағамдар фестивальдерін өткізу жоспарланған.

17 наурыз – «Наурыз бата» беріледі. Ақсақалдар мен көп балалы аналардан жас жұбайларға бақыт пен амандық тілеу үшін «Наурыз бата» сұралады. Осы күні «Алтын шаңырақ»



19 наурыз – «Жаңару» күні. Наурыз – еліміздің жаңа тарихындағы көң ауқымды қайта құруларға жол ашқан жаңа саяси дәуірдің бастамасы екені даусыз. «Жаңару» күні осы идеология аясында көң ауқымды дөңгелек үстелдер мен диалог алаңдарын өткізу жоспарланған.

20 наурыз – «Ұлттық спорт» күні – ұлттық спорт түрлерінен жарыстар мен турнирлер өткізілсе, 21 наурыз – «Ынтымақ» күнінде – қала және ауыл әкімдері, сондай-ақ ақсақалдар, қоғамдық пікір көшбасшыларының құттықтау бейнероликтері халыққа жол тартады.

22 наурыз – «Жыл басы». Ұлыстың ұлы күні – мереңенің ең маңызды, салмақты күні де осы күн. «Наурыз» алаңы және ауылдарда мерекелік шаралар: мерекелік концерт, құттықтау және марапаттау рәсімдері, театрландырылған салт-дәстүр көріністері, ұлттық ойындар ойнатылып, халықтық мереке ретінде тойланады. Сондай ақ, осы күні орталық алаңға тігілетін киз үйлердің үздігі анықталып, ғимаратын мерекеге сай безендірген мекеме «Наурыз стиліндегі ең креативті дизайн» номинациясымен, көппәтерлі түрғын үйлердің бірі «Ең таза кіреберіс» аттымы бойынша марапаттаратын болады.

Еске сала кетсек, ел Президенті Қасым – Жомарт Тоқаев Egemen Qazaqstan газетіне берген сұхбатында төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өту керек екенін ай-

және «Күміс кереге» жобасы аясында 50 және 25 жыл бірге тұрып, «Адал азамат» құндылықтарына сәйкес балалары мен немерелерін тәрбиелеп өсірген ерлі-зайыптыларға құрмет көрсетіледі. Сондай ақ, аталған күні «Наурыз-базарлық» дәстүрі де насихатталып - жаңа туылған балалардың ата-аналарына естелік сыйлықтар табысталмақ.

18 наурыз – «Ұлттық киім күні». Бұл күн - алдыңғы толқын өкілдері қазіргі уақытта кең қолданыста жоқ ұлттық киімдеріміз жайлыштық ақпарат беретін іс – шаралармен көрініс табады. Қала әкімі Әмірхан АСАНОВ осы күні тек мемлекеттік қызыметкерлер ғана емес, барлық сала өкілдері жаппай ұлттық киімдерімізді киседеген ұсыныс – пікірін жеткізді. Бұл ұсынысты жүзеге асыру жөнінде ақпараттық жұмыстар қолға алынбақ.

Тқан болатын. «Жаңа жыл – әрине, күнтізбенің жаңа парагын ашатын маңызды меже. Осы сәтте еткен жылды қорытындылап, келешекке жоспар құру әдетке айналған. Бір жағынан, Жаңа жыл мен үшін қастерлі мереке емес. Оның үстіне, өзіміздің төл жаңа жылымыз – Эз Наурызды естен шығармаған жөн. Бұл мейрам – тіршілікті түлете келетін нағыз табиғи жыл басы. Наурыз – жаңару мен жаңғырудың символы. Сондықтан төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өтуіміз керек. Бұл қадам қогамды ұйыстырып, ұлттық бірегейлігімізді айшықтап, ел бірлігін ныгайта түсуге ықпал етеді деп сенемін», – деген еді Мемлекет басшысы.

Дархан  
АМАНТАЙҰЛЫ